

"Қазақмыс" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 3 қараша N 1646

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақмыс" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мынадай негізгі шарттарда 100 000 000 (жүз миллион) АҚШ доллары сомасында заем беру туралы ұсынысына келісім берілсін:

1) Қоғам Қазақстан Республикасының Үкіметіне заем беруді үш жыл мерзімге қамтамасыз етеді:

2) заем бойынша қаржаттың түсүі мынадай тәртіппен: 1999 жылдың аяғына дейін 70 (жетпіс) миллион АҚШ доллары және 2000 жылдың бірінші тоқсанында 30 (отыз) миллион АҚШ доллары сомасында жүзеге асырылады;

3) Қоғамның президенті В.С.Кимге заңнамада белгіленген тәртіппен 2000 жылдың 8 маусымынан бастап бес жыл мерзімге, сатып алу құқығынсыз жүзеге асырылатын жарғылық капиталдың жиырма төрт бүтін жүзден бес проценті мөлшеріндегі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін сенімді басқаруға беру, Қоғамның көрсетілген акцияларының мемлекеттік пакетін кепілге беру және сенімді басқарушының оны іс жүзінде иеліктен шығаруға, сондай-ақ Қоғамның қаржылық немесе муліктік жағдайын нашарлатуға немесе мемлекеттің Қоғамның жарғылық капиталындағы үлесін азайтуға әкеп соқтыратын кез келген шаралар мен шешімдер қабылдау;

4) заем бойынша сыйақы жылтына екі рет төлене отырып, жылдың проценттерде LIBOR + 0,5 процентті құрайды.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.13. N 1386
қаулысымен. P 001386_

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.11. N 1315
қаулысымен. P 011315_

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.29. N 1543
қаулысымен. P 011543_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі зандарда белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жағдайлардағы сондай-ақ сенімді басқарушы 7 (жеті) миллион АҚШ долларына бара бар сомасындағы сенімді басқаруға берілген акциялардың мемлекеттік пакеті үшін сыйақыны республикалық бюджеттің кірісіне жыл сайынғы аударуды қамтамасыз ету шартымен акциялардың аталған мемлекеттік пакетін сенімгерлік басқаруға берудің заемы және келісімшарты туралы келісім жасасу;

2) мүмкіндігінше заемды мерзімінен бұрын өтеуді;
3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрынғы шешімдерін осы қаулыға сәйкестікке келтіру жөнінде ұсыныстар енгізуі қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.13. N 1386 қаулысымен.
Р 0 0 1 3 8 6 _

3. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар :
Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК